

Жапырақ тұқымдастардан алынған жартылай ағартылған немесе ағартылған сүректі целлюлозаның жекелеген түрлеріне қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу бажы ставкаларының қолданылу мерзімін ұзарту туралы және Дүниежүзілік сауда үйымына қосылу шарты ретінде қабылданған міндеттемелерге сәйкес Қазақстан Республикасы Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі баждарының ставкаларымен салыстырғанда неғұрлым төмен кедендік әкелу баждарының ставкаларын қолданатын тауарлардың тізбесіне және осындай баждар ставкаларының мөлшеріне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 11 маусымдағы № 97 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына, Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 18 -тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. ЕАЭО СЭҚ ТН 4703 29 000 1 кодымен сыйыпталатын, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 5 сәуірдегі № 29 шешімімен белгіленген жапырақ тұқымдастардан алынған жартылай ағартылған немесе ағартылған сүректі целлюлозаның жекелеген түрлеріне қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) кедендік әкелу бажы ставкасының қолданылу мерзімі кедендік құнның 0 пайызы мөлшерінде қоса алғанда 2022 жылғы 31 мамырға дейінгі мерзімге ұзартылсын.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) ЕАЭО СЭҚ ТН коды 4703 29 000 1 позициясындағы Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескертпеге "2C)" деген сілтеме "57C)" деген сілтемемен ауыстырылсын;

б) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескертпе мынадай мазмұндағы 57C ескертпемен толықтырылсын:

"57 C) Кедендік құннан 0 (нөл) % мөлшеріндегі кедендік әкелу бажының ставкасы 01.06.2019 бастап қоса алғанда 31.05.2022 дейінгі аралықта қолданылады.".

3. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2015 жылғы 14 қазандығы № 59 шешімімен бекітілген Дүниежүзілік сауда үйымына қосылу шарты ретінде қабылданған міндеттемелерге сәйкес Қазақстан Республикасы Еуразиялық

экономикалық одақтың Бірыңғай кедендейк тарифі баждарының ставкаларымен салыстырғанда неғұрлым төмен кедендейк әкелу баждарының ставкаларын қолданатын тауарлардың тізбесіндегі және осындай баждар ставкалары мөлшеріндегі ЕАЭО СЭК TH 4703 29 000 1 коды бар позиция және 2 сілтеме алып тасталсын.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді және 2019 жылғы 1 маусымнан бастап туындастын құқықтық қатынастарда қолданылады.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*T. Sarkisyan*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК